

БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

ЖАҢА СӨЗДЕР

- Жеке құрам бойынша бұйрық – приказ по личному составу
- Бұйрық шығару – издавать приказ
- Бұйрықпен танысу – ознакомиться с приказом
- Тағайындалсын – назначить
- Қабылдансын – принять
- Босатылсын – освободить
- Уақытша атқару – временно возглавить (возглавлять)
- Жүктелсін - возложить

Бұйрық (приказ) – жетекшінің мекемені басқару барысында алда тұрған маңызды, ағымдағы, күнделікті, кадрлық мәселелерді шешу мақсатында шығаратын қарамағындағылар орындауға тиісті нормалардан тұратын өкілеттік құжаттың түрі.

Бұйрықта қолданылатын модельді есте сақтаңыздар.

Етістік + ырықсыз етіс жұрнағы + бұйрық райдың
ІІІ жағы.

Мысалы: белгілеу - белгіле+н+сін
ұйымдастыру - ұйымдастыр+ыл+сын
заңдастыру – заңдастыр+ыл+сын
енгізу – енгіз+іл+сін
белгілеу - белгіле+н+сін
қысқарту - қысқарт+ыл+сын
тыйым салу – тыйым сал+ын+сын.

БҰЙРЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Жеке
күрам
бойынша**

азаматтарды жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, басқа жұмысқа ауыстыру т.б. сияқты мәселелерді шешуге бағытталған бұйрықтар

**Негізгі
қызмет
бойынша**

кәсіпорын жұмысын ұйымдастыру, қаржыландыру, жоспарлау, өнімді өткізу сияқты өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған бұйрықтар

Арнайы

қаржы-экономикалық мәселелерге байланысты шығарылатын бұйрықтар

**Төтенше
жағдайлар
бойынша**

күтпеген оқиғаларға (тасқын, сел, жер сілкінісі т.б) байланысты шығарылатын бұйрықтар

Алматы қаласы

Алмалы аудандық әкімшілігі

10.01.2019 ж. №41

БҰЙРЫҚ

Аудан мектептерін бітіруші түлектерді ҰБТ-ға даярлау туралы Алматының жоғары оқу орындарында аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларды ҰБТ-ға даярлау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Ақпан айынан бастап мектеп бітірушілеріне даярлық курстары жүргізілсін.
2. Негізгі пәндер бойынша сабақ өткізу тәжірибелі ұстаздарға жүктелсін.

Алмалы ауданының әкімі

М. Стамбеков

ТАПСЫРМА

1. Сөздерді сәйкестендіріңіз / сопоставьте слова.

Жұмысқа	кестеге сәйкес
Штаттық	белгілеу
Ысқақовтың	жағдайына байланысты
Үстемақы	шығуына байланысты
Отбасы	сынақ мерзімімен
Еңбек шартының	қызметінен
Зейнеткерлікке	өтініші
Екі апталық	қабылдау туралы
Атқаратын	аяқталуына байланысты

2. Бұйрықты қазақ тіліне аударыңыз / перевести текст на казахский язык.

г. Алматы
ТОО “КУАТ”
ПРИКАЗ №5

О проведении ремонтных работ

В связи с аварийным состоянием отопительной системы в цехе №3

ПРИКАЗЫВАЮ:

Провести ремонтные работы в цехе №3. Ответственный – начальник ремонтно-технического отдела Макаров Д.И.

Контроль за проведением ремонтных работ возложить на начальника цеха №3 Антонова Ю.В.

Директор

Л.Б. Попов